

ШҚ ББ «ҚМИ» КММ асханасын тексеру туралы
АКТісі

09 ақпан 2023ж

Шымкент қ.

Мектеп-интернаты асханасында "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығының орындалу туралы мына төмендегі комиссия мүшелері тексеру өткізді:

- 1.Шорабек Н.Ш.- төраға, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
- 2.Сарсенбаева П.К.-төраға орынбасары, диетикалық бике
- 3.Ормаканова А.К.-кәсіподақ төрайымы
- 4.Келимбетова У.У.-қамқоршылық кеңесінің төрайымы
- 5.Байлесова Ш.К.-дәрігер

Бақылау мәселелері::

- 1.Дайындалған тағам көлемінің жеке порция көлеміне және тәрбиеленушілер санына сәйкестігі
- 2.Азық-түлік өнімдерін өткізу мерзімін және тағамды дайындау сапасын бақылау.
- 3.Күнделікті мәзірдің дұрыстығы

Ақпан айында азық-түлік бөлімшесінде санитарлық-эпидемиологиялық режим сақталғаны анықталды. Жарма, ұн, макарон өнімдері құрғақ бөлмеде бастапқы қаптамада сөрелерде сақталады. Қышқыл сүт және басқа да тез бұзылатын өнімдер балаларға қызмет ету алдында жабық тұтыну қаптамасында бөлме температурасында 15С сату температурасына дейін бір сағаттан аспайтын мерзімде сақталады. Асхана қызметкерлері жеке шкафқа сырт киім, бас киім, жеке аяқ киім және жеке заттарын орналастырады.

Асхана қызметкерлерін медицина қызметкерлері медициналық байқаудан өткізіп олардың қол терісінің және дененің ашық беттеріндегі ірінді ауруларының, сондай-ақ ангина, катаральды жоғарғы тыныс жолдарының ауруларының бар-жоғын тексеріп отырады. Жұмысқа кіріспес бұрын қызметкерлер қолдарын мұқият жуады, таза халат киеді, шашын орамалдың астына жинайды. Мектеп-интернатта тамақтандыруды ұйымдастыру процесі тамақтану жөніндегі нормативтік-әдістемелік құжаттарға негізделеді

Интернатта дайындалған тағам таратуға 15-20 минут қалғанда сынама алынғаннан кейін беріледі. Ыдыстардың органолептикалық көрсеткіші неке кітабына енгізіледі. Шешім: Мекемедегі ақпан айындағы азық-түлік сапасы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сай.

Комиссия мүшелері:

Шорабек Н.Ш.

Сарсенбаева П.К.

Ормаканова А.К.

Келимбетова У.У.

Байлесова Ш.К.

